




Ұлт пен рух




Серік
АКСҰНҚАРҰЛЫ

ЕБІНЕЙ БӘКЕТОВ



Реквием.





«Пушкин умер в полном развитии своих сил и бесспорно унес с собою в гроб некоторую великую тайну. И вот мы теперь без него эту тайну разгадываем...»

Ф. ДОСТОЕВСКИЙ

«Ұлтқа қожалық жасауға болмайды. Оған тек қызмет етуге ғана болады. Ұлтқа қызмет жасай алған жан ғана оның қожасы бола алады...»

М.К. АТАТҮРІК

МЕНІҢ ғұмырымның жартысы Қарқаралы мен Алматының арасында өтті. Еңбек демалысым наурызбен тұспа-тұс келеді. Француздардың «Ақынды провинцияда туып, Парижде өледі» деген сөзіне өзінің тағдыр-талаымен көзі жеткен екі кісі болса, біреуі мен шығармын.

Рязанның ну ормандарында дүниеге келген бала Есенин орыстың ақшаңқан астанасы Петерборға ақсүйек Александр Блокты іздеп келеді. Орыс табиғатындай тап-таза, мөп-мөлдір өлеңге таң-тамаша болған Блок көзіне жас алып: «Ғұмырынды сақташы, жаным!» - деп бөйек болған екен. Бізге мұндай өнердің қамқоршы құдайы кездесе қойған жоқ. Бірақ, Қарқаралыдан шыға салып, ат басын Алматыға бұрамыз. Қарқаралыдан Алматыға тіке тартар темір жол да, аспан жолы да жоқ. Қарағандының үстінен өткенде жүректі бір төтті сезім шымырлатып, ордалы ой ұшқыны осып өтуші еді. Қазақтың төбесінен қамшы ойнатқан кеңес заманы төбеден тосырая қарап тұрса да. Қарағанды шаһарының өңінде ерекше бір ұлттық төкөппарлық, бекзат интеллектуалдық бейне, Сарыарқаны сансыз құрлықтармен күретамырдай қосатын АЗАМАТТЫҚ АҚЫЛ-ОЙ ағыны «менмұндалап» тұрады. Орыстың провинциялық қалашықтарына ұқсас осынау шаһардың көшелерінде XIX-XX ғасырлардың өларасында көзден ғайып болған ұлттық ренессанс тұлғаларының соңғы тұяғындай Евней аға Бөкетов алшақ басып жүруші еді! Қазақтың бір ұлттық университетінің қак төрінде сол кісі отырған-ды. Бірнеше топ ұсақ-түйек пенделер түгіл, әлемдегі ең ауулы соңғы империя да одан именуші еді. Менің тула бойы тұңғыш туындым «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сөті» жаңа ғана жарық көрген кез. Бірде Ақселеу Сейдімбеков:

- Сені Евней ағаң іздеп жатыр. Ағаға іні сөлем бермеуші ме еді? - деген. Мен таң қалдым. Ол кісі мені біле қояды деп ойламағам. Осындай бір наурызда, Алматыға кетіп бара жатқан сапарымда «Қазақстан» қонақүйінен телефон шалын, ағамен бір көрісу арман екенін жеткізгем.



Ол кісі солемімді қуана қабыл алып, өзінің төсек тартып жатқанын, өті келгенде кездесіп, өңгімелесуге бейілді екенін айтты.

Бірақ, сөті түспеді, біз кездесе алмадық. Содан бері біраз уақыт өтті. Дүние төңкеріліп түсті. Қазақ егемен ел болып, ғаламға танылды. Шырақ, Қарағанды көшелері қаңырап тұр. Евней аға жоқ!..

Қарағандының өкесі – Кеңес Одағы, енесі – КарЛАГ. Оны ұлттық шпаларға айналдыру үшін ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒАЛАР керек. Ұлысты Көк Төңірі жаратады. Төңірінің жазуымен жарық дүниеге шырылдап кәліп, адамзат үмбетінің бір бөлшегіне айналған әрбір ұлт пен ұлыстың маңдайына туумен қоса өлу де жазылған. Тентіреген тайпалар текті ұлтқа айналады да, мәртебелі МЕМЛЕКЕТ құрады. Ұлтқа айнала алмай, тоз-тоз болып құрып кеткен ұсақ-түйек тайпалардың көз жасынан арыстан жал мұхиттар мен көк айдын көлдер жаралды ма?! Оларды кім іздейді, олардың жоғын кім түгендейді?!

Үндістердің Яман тайпасының соңғы тұяғы АҚШ-тың бір қаласына келіп, фөниден бақиға аттанған. Қазақ ХХІ ғасырда ат жалы, атан қомында жүріп жасаған ұлттық менталитетінен, тілінен, дінінен, мәдениетінен, эпосы мен поэзиясынан айырылып, дүниежүзілік тексіз космополиттік цивилизацияға судай сіңіп, сағымдай жоғалып кетпеуі үшін, бізге дәл осы сәтте ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒАЛАР – ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТЕР қажет болып тұр.

Евней аға, меніңше, дәл осы кезеңде – исі қазақ ХХІ ғасырға ұжымды ұлт, еңселі ел болып бара ала ма, жоқ па дейтін екіұдай от кешіп отырған алмағайып заманда тірі болуы керек еді. Алла оны алды-артына қаратпай ала жөнелді.

Көресісін көріп, көзіне көк шыбын үймелеген жұрт қана мемлекет бола алатыны шын болса, меніңше, ХАЛЫҚ АНАНЫҢ құрсағынан сінді тағы бір Бөкетов туатындай кез болды. Мүмкін, ол қазір тал бесікте тамылжып ұйықтап жатқан болар? Жоқ, әлде, қайраңға түскен балықтай қазақ мектебінде оқып жүр ме? Кім біледі... Оның да жүрегі – күпті, көңілі – алаң. Төңірім, сол балаға қуат бере гөр!

Екі ғасырдың тоғысында екі ойда отырған осынау жұртқа өз еліне шекесінен қарайтын қу шеке шенеуніктің де, Алматыдағы күнсыз қытай товарын алыс ауылға апарып пұлдап, құндап сататын алыпсатардың да, ақшаңқан сарайларда «Алашым» деп ойбайдан аттан салып, қазақтың қасіретіне мұрнын шүйіріп те қарамайтын айтыскер шөйірдің де керегі жоқ, Төңірім! Диамат пен истматтан басы айналған аянышты ақымақ оқымыстының да қажеті шамалы. Ұлтқа ұлы тұлға керек! Жер бауырлаған пендеңді қайтадан ГОМО САПИЕНС бейнесіне түсіріп, көзін Көк Төңіріне қарататын ҚАЗАҚ керек! Аузын аққа жарытып, дүние-мүлік базарынан адамзат мәдениетінің алтын бекетіне ат шалдыртар РУХАНИЯТ БАЗАРЫНА алып шығатын ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТЕРГЕ зәру мына жұрт.

Қабыл ала гөр, Төңірі, тілегімізді!..